



BUIRYQ

БҰЙРЫҚ

№ 50 пнк

« 25 » 11 2021 ж.

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігі
«Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы» РММ-нің
құрылымдық бөлімшелерінде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 05 қарашадағы №345 «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығын орындау мақсатында, 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мекеменің құрылымдық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша келесі құрылымда Жұмыс тобын құру:

- Т.Т. Салменбаева - директордың орынбасары - жұмыс тобының жетекшісі;

- Д.О. Ануарбекова - 1 санатты библиограф - жұмыс тобының мүшесі;

- М.А. Төлеубек, библиограф - жұмыс тобының мүшесі;

- А.Б. Мұстафина, библиограф - жұмыс тобының мүшесі;

- А.А. Халтова, библиограф - жұмыс тобының мүшесі.

2. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін құжаттарды, ақпаратты және басқа да қажетті материалдарды Жұмыс тобына ұсыну үшін дербес жауапкершілік белгіленсін.

3. Үйлестіру, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың уақтылы және сапалы жүргізілуіне жауапкершілік жұмыс тобының мүшелеріне жүктелсін.

4. Өткізу мерзімі: 2021 жылғы 25 қарашадан 03 желтоқсанға дейін.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде талдамалық анықтама дайындауды қамтамасыз ету.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты мекеменің ресми сайтында (www.kitap-palatasy.kz) орналастыру.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау маған жүктелсін.

Директор



А. Койтанов

Бұйрықпен таныстық:




Т.Т. Салменбаева



Д.О. Ануарбекова



М.А. Төлеубек



А.Б. Мустафина



А.А. Халтова